Серуен	Балақаша ауласында қандай құстар бар екенін анықтату. Құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау дағдысын пысықтау. (қоршаған ортамен танысу) Құстар мен ағаштарды салыстыру. Санау. Қанша құсқа қанша ағаш сәйкес келетінін анықтату. (математика негіздері) Қимылды ойын «Автобус»	Балабақша ауласында өсетін өсімдіктерге күтім жасату. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар» Құммен ойынайтын құралдарымен әр түрлі суреттерді салғызу (сурет салу)	Балабақша ауласындағы гүлдерді, құстарды санату. Оларға табиғи заттардан астау жасату. (математика негіздері, құрастыру) Бормен құстардың суретін салғызу (сурет салу) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Ауа райын бақылату, Балабақша ауласында өсіп тұрған гүлдерді еңбек әрекетін санату, танып атату, ұйымдастыру. Қанша оларға күтім жасату. ағашқа, қанша гүлге Құмда олардың су құйғанын санату. суреттерін салғызу. (қоршаған ортамен танысу, математика негіздері) Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» жел жаңбыр, найзағайдың дауыстарын тану, атауды пысықтау. Қимылды ойын «Қояндар»	Балабақша ауласында өсіп тұрған гүлдерді санату, танып атату, оларға күтім жасату. Құмда олардың суреттерін салғызу. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу, математика негіздері) Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта				

	киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу музыка тыңдату. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату (музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Поезд»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»	Еркін ойындар Қағаздан гүлдердің пішінін жасату. (жапсыру)

					Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Достық, бейбітшілік туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Мамыр айы 2023 жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 29.05.2023	Сейсенбі 30.05.2023	Сәрсенбі 31.05.2023		
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың мінезі туралы анықтамалық ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. Балармен жеке жұмыс.	балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, пазлдармен үстел үсті ойындарын ойнату. Дидактикалық ойын: «Сикырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» .	Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату, кітаптарды қарату кезінде. сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйретуді жетілдіру (сөйлеуді дамыту)		

	(қоршаған ортамен танысу)				
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар бір біріне бүгін қандай әдемі болып тұрғанын сипаттап айтады. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу.	Музыка Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Қазақ тілі Танысу сухбатын ұйымдастырып. Бір-біріне неге, не үшін? деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, өзі жайлы әңгімені еркін талқылауға мүмкіндік беру.	Дене шынықтыру	Музыка

	Балаларға көктем мен жаздың айырмашылығын қалай білуге боладтыны жайлы әңгімелету. Осы аптада бізде үш күн көктем айынікі, ал қалған күндері жаз айының күндері болатынын таныстырып түсіндіру (көркем әдебиет) Көктем мен жаз туралы суреттерді қарату. ерекшеліктерін танып, атауын үйрету. (қоршаған ортамен танысу) Балаларды екі орталыққа бөліп, бірінші «Ашық алаң» орталығында жазғы ойын алаңын құрастыруды орындауды, екінші «өнер» орталығында жайдары жаздың суретін салғызу (құрастыру және сурет салу)	Балаларды «кітап» орталығына шақырып, жаз мезгілінің суреттерін бар кітапты қарап шығуна жағдай жасау. <i>Ә.Ахметов</i> Такпағын жаттау Жаз еді Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. (көркем әдебиет) Балаларды «Өнер» орталығында екі шағын топқа бөлу Бірінші топ балаларына көбелектің суретін бояту (сурет салу) Ал екінші топтағыларға көбелекті мүсіндету (Мүсіндеу)	Су жағасында шомылып жатқан балалардың суреттерін көрсету. Балалардың сурет бойынша әңгіме жүргізуін дамыту. (сөйлеуді дамыту) Суға қай кезде түсуге болады. Күн тәртібінде көрсетілген кестемен жұмыс жасату.. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. (математика негіздері)		
--	--	--	--	--	--

Серуенге дайындық	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ауа райын бақылап, күннің райын айта білуді қалыптастыру. Құстарға жем беру, өсімдіктерге гүлдерге күтім жасау. Өсімдіктерді сызғыштармен өлшеп, қаншаға өскенін анықтаумен, салыстыруды дамыту. (математика негіздері) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» Дербес ойындар. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен	Балабақша ауласында серуендеп жүрген кезде әр бір көрген заттарын сипаттап сөйлеуде сын есімдерді қолдану. Көбелектерді іздеу. Олардың қай жерлерде болатынын анықтау дағдыларын жетілдіру (қоршаған ортамен танысу) «Жалауға қарай жүгір» қимылды ойын.	Спорттық жаттығулар: Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу амалдарын меңгерту Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Балабақша ауласындағы бассейнмен таныстыру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»		

	ойындарын ұйымдастырып қолдау,				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыларып пысықтау. Асықпай бір-бірін итермей жүруді қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Ас қайырып бата беруді дамыту. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу музыка тыңдату. Топтағы кітап орталығынан балалар таңдаған ертегіні оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, жинауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Еркін ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту Қимылды ойын «Ханталапай»	Қимылды ойын «Арқан тарту»	Құмнан бассейн жасау. (кұрастыру)		
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Мамыр айы I-II аптасында

Доппен

- I Жүру, аяқтың ұшымен, өкшемен, жүгіру, жәй жүру, колонна болып қатарға тұру.
- II 1б.қ аяқтың арасы ашық, доп төменде 1-допты алға созу, 2б.қ оралу. 4-5 рет
2б.қ аяқтың арасы ашық, доп кеудеде 1-допты жоғары көтеру, 2 б.қ оралу. 4-5 рет
3б.қ аяқтың арасы ашық, доп алда. 1-оңға бұрылу, 2б.қ оралу. 3-солға бұрылу. 4б.қ оралу. 4-5 рет
5 аяқ бірге, доп кеудеде, қос аяқтап секіру. 7-8 секунд
- III Еркін тыныс алу жаттығулары

Мамыр айы III-IV аптасында Шығыршықпен

- I Жүру, кедергілердің арасымен жүру, жүгіру, жүру, колонна болып тұру.
- II 1б.қ аяқтың арасы ашық, шығыршық кеудеде 1-шығыршықты алға созу, 2б.қ оралу, 4-5 рет қайталау.
2б.қ аяқтың арасы ашық, шығыршық алда 1-оңға бұрылу, 2б.қ оралу, 3 солға бұрылу, 4б.қ оралу 4-5 рет
3б.қ аяқтың ашық шығыршық төменде 1-еңейіп шығыршықты алу. 2 қайта қою, 5 рет қайталау.
4б.қ аяқтың арасы ашық, шығыршық жоғарыда
1-оңға қарай тербелу, 2б.қ оралу. 3-солға қарай тербелу. 4б.қ оралу
5 Аяқты алмастырып секіру. 7-8 секунд
- III Еркін тыныс алу жаттығулары

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Күн шуақ және жаңбыр

Балалар залдың қабырғасынан бір шама алысырақ қойылған орындықтардың арт жағына жүрелерінен отырады да, терезеден қарайды (орындықтың артындағы саңылаудан) Тәрбиеші «Күн шуақ! Ойнап келіндер!»-дейді. Балалар алаңда жүгіреді. «Жаңбыр, тезірек үйге қайтыңдар!» -деген белгісі бойынша барлығы өз орындарына қарай жүгіреді және орындықтардың арт жағына келіп отырады.

Ойыншықты алып кел.

Ойыншықтарды (сылдырмақ, кішкене кубиктер) бөлімінің, алаңның қарама қарсы жағына орналастырады. Тәрбиеші балаларды өзіне шақырып алады да, ойыншықтарды алып келуін өтінеді. Оның нұсқауы бойынша балалар ойыншықтарға қарай жүреді немесе жүгіреді. Ойыншықтарды тәрбиешіге алып келеді. Ол балаларды мадақтайды, ойыншықтарын қайтадан апарып қоюын өтінеді.

Нұсқау

Ойынды тапсырмалар қосып, күрделенуге болады. Ойыншықтарға тар жолмен немесе онша биік емес заттардың үстімен алып өту.

Кешікпе

Кубиктер мен сылдырмақтарды еденге шеңбер бойымен орналасады. Балалар кубиктердің жанына тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша олар бірін-бірі қағып, соқпай және кубиктерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүреді және кубикерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүгіреді.

Тышқандар мен мысықтар

Балалар- тышқандар өз індерінде отырады.(бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға) Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ, мысық оянады, керіліп созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау

Мысық көзін жұмып, ұйықтаған соң ғана, тышқандардың інінен жүгіріп шығуларына болады. Ал індеріне мысық оянып, мияулай бастағанда ғана оралады. Тәрбиеші барлық тышқандардың індерінен жүгіріп шығуын бақылайды. Ойынға ойыншық мысықты да қолдануға болады. Балалар өрмелеп шыға алатын кубиктерді де індері ретінде пайдалануға болады.

Жалауға қарап жүгіру.

Тәрбиеші балаларға екі түсті кішкене жалаушаларды таратып береді. Қызыл және көк түсті. Тәрбиеші бір қолына қызыл, екінші қолына көк жалаушаны алып, екі қолын екі жаққа жаяды. Түсіне қарай балалар екі топқа бөлініп тұра қалады. Бұдан кейін тәрбиеші балаларға алаңның ішінде қыдыруды, жүгіруді ұсынады. Балалар қыдырып жүргенде, Тәрбиеші бөлменің екінші жағына өтеді де: «Бір, екі, үш маған қарай жылдам ұш!» -дейді. Бұл кезде қолындағы жалаушаларды екі жаққа сермейді. Балалар оған қарай жүгіреді және өз қолдарындағы жалаушалардың түстеріне қарай жалаушаның жанына жиналады. Балалардың бәрі жиналып болған соң, тәрбиеші жалаушаларды жоғары көтеріп, бұлғауды ұсынады.

Ойын 3-4 рет қайталанады.

Нұсқау.

Тәрбиешінің белгісі бойынша бұрын алаңның жан-жағына жүгіріп кетпеуі керек. Ол жалаушаларды бір қолынан екінші қолына ауыстырып отырады, өйткені балалар өз жалаушаларының түсіне қарай оның бірде сол жағына қарай жиналуы керек. Ойынға қосымша белгілермен тапсырмалар енгізуге болады. Мысалы: «Тоқта!» белгісі бойынша ойнаушылардың барлығы тоқтай қалуы, көздерін жұмуы немесе орындарына тұырып шыр көбелек айналуы

немесе секіріп билеуі тиіс. Ал, бұл кезде тәрбиеші байқатпай басқа орынға кетіп қалады. Белгі бойынша тәрбиешінің жанына қайтадан жиналады. Жалаушалардың орнына балалардың қолына қол орамал немесе түстеріне сай кубиктер, ленталар беруге болады.

Өз түсінді тап

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді.: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар жалаушаның белгілі бір түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тірбиешінің «ойнап келіндер!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң ойын қайталанады.

(5-6 рет)

Нұсқау.

Бірнеше рет қайталанып, балалар ойынды жақсы игерген соң тәрбиеші серуен кезінде тоқталып, көздерін жұмғызып, сол уақытта бөлменің бұрышында тұрған жолаушыларды ауыстырып қояды.

Трамвай

Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, екі-екіден калонаға тұрады. Бос қолдарымен олар ұшы байланған жіптен ұстайды. Яғни, кей бала жіпті оң қолмен, кей бала жіпті сол қолмен ұстайды. Бұл трамвай. Тәрбиеші екі қолына үш түрлі –сары, қызыл, жасыл жалау ұстап, бөлменің бір бұрышында тұрады. Ол жасыл түсті сигнал болғанда қозғалуға, қызыл, сары, түсте тоқтауға тиіс екендігін түсіндіреді. Тәрбиеші жасыл жалауды көтергенде- бұл трамвай келе жатыр деген белгі, балалар бөлмені, алаңды айнала жүгіреді. Тәрбиешіге, бағдаршамға дейін жүгіріп келіп, қай түс жанғанын бақылайды. Егер бұрынғыдай жасыл түс болса жүрісті жалғастыра береді. Ал егер сары мен қызыл жанса олар тоқтайды, жасылдың жануын күтеді.

Нұсқау

Ойын кезінде балаларды көшеде жүру ережесімен таныстыру. Егер ойынға балалар аз қатысса екі-екіден немесе бір калонаға тұрғызуға болады. Ойынның сюжетін дамыта түсуге болады; жолшыбай трамвайдың келуін күтіп отырған жолаушылардың аялдмасын ұйымдастырады, аялдамаға жақындағанда трамвай жүрісін баяулатады және тоқтайды. Жолаушылардың бір сыпырасы трамвайдан шығып, біраз жолаушы қайтадан мінеді. Трамвайға шығып-түсу үшін жіпті көтереді. Жіптің ұшына кішкене қоңырау байлаулы. Жүрер кезде бір бала (кондуктар) қоңырауды соғып, белгі береді.

Поезд

Балалар калонаға бір-бірден тұрады. (бір-бірімен қол ұстаспай) Біріншісі паравоз ал қалғандары вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіуге айналады. «Поезд станцияға жақындап келеді» -дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте – берте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан калоннаға тұрады да, поезддің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Алғашында балалар калоннаға кез-келген ретпен тұрады, ал жылдың аяғында өз орындарын есте сақтауды - өз вагоныны табуды үйретеді. Ойынның сюжетін өзгертуге болады. Мысалы: поезд көлдің жанына тоқтайды, онда балалар қайықта серуендейді, балық аулайды. т.б. бейнелейді.

«Ұшты-ұшты»

Педагог балаларға ұшты-ұшты қарлығаш ұшты дегенде балалар қолдарын көтеріп ұшады, педагог ұшты-ұшты орындық ұшты десе отыра қалады.

«Хан талапай»

Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.

Орамал тастамақ

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Шымшықтар мен мысық

Балалар алаңның бір жағына еденге қойылған скамейкалардың немесе үлкен кубиктердің үстіне шығып тұрады. Бұл үйдің төбесінде отырған шымшықтар. Шеткеріректе мысық отыр. (тәрбиеші немесе балалардың біреуі) Мысық ұйықтап жатыр. «Балапандар ұшты» -дейді тәрбиеші. Шымшықтар төбеден секіріп түседі, қанаттарын қомдап, жан-жаққа ұшып кетеді. Міне, енді мысық та оянды. Ол «Мияу-мияу» дейді және төбеде тығылып үлкен шымшықтарды ұстағысы келіп жүгіреді. Ұстаған шымшықты мысық өз үйіне қарай әкетеді. Ойын 5- рет қайталанады.

Нұсқау

Балалардың жерге жайылып түсуін, аяқтарының ұшымен секіруін және тізелерін бүгуін қадағалау керек.

Қимылды ойын: «Аққу – қаздар»

Ойынның мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

Ойын барысы:

Ойынға қатысушылар арасынан кімдер қасқыр мен қожайын рөлін ойнайтынын белгілеп, қалғандары аққу – қаздар болады. Алаңның бір жағында отағасы мен қаздар тұратын үй сызылып салынады, екінші жағында – қыр астында жасырынған қасқыр. Құс бағушы қаздарды көкке тойынып, бой жазып қайтуы үшін далаға шығарып жібереді. Қаздар үйден едәуір жер алыстап кетеді. Шамалы уақыт өткен соң құс өсіруші қаздарын шақырады. Сөйтіп отағасы мен қаздардың бір – біріне тіл қатысуы басталады:

- Қаздар, қаздар!
- Га – га – га.
- Қарындарың ашты ма?
- Иә, иә, иә.
- Аққу – қаздар қайтыңдар!
- Қыр астында қасқыр бар!
- Не істеп жатыр ол онда?
- Шіл жеп жатыр, ол онда.
- Ал үйге қарай қашыңдар!

Қаздар үйге қарай қашады, қасқыр оларды ұстап алуға ұмтылады. Ұсталғандар ойыннан шығады. Барлық қаздар ұсталған кезде ойын аяқталады. Соңында қалған ең епті және жүйрік қаз қасқыр болады.

Ойын тәртібі:

Қаздар тек алаңнан шықпай «ұшуға» тиіс. Қасқыр оларды «Алүйге қарай қашыңдар!» сөзінен кейін ғана ұстауға ұмтылады.

Тауықтар мен балапандар»

Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілікке, адалдыққа, мейірімге, сыйластыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалардың жартысы тауықтар , ал қалғандары балапандар болады. Балапандары аулада серуендеп, ойнап жүреді де, аналарынан тығылып қалады. Аналары балапандарын іздейді.

Қоймадағы тышқандар

Балалар тышқандарды бейнелейді. Олар алаңның бір жағындағы орындықтармен скамейкаларда отырады немесе түрегеліп тұрады. (тышқандар індерінде) Қарама-қарсы жақта биіктігі 40-50см шамасында жіп керілген, одан әріректе қойма бар. Ойнаушылардың бір жағында мысықтың рөлін ойнаушы тәрбиеші отырады. Мысық ұйықтайды, ал тышқандар қоймаға қарай жүгіреді. Қоймаға кіріп бара жатып, олар жіптің астынан еңкейіп өтеді. Тышқандар қоймаға кіреді де, жүрелеп отырып қатқан нанды кеміре бастайды. Тышқандар қоймадан жүгіріп шығып, індерін тығылады. (Мысық тышқандарды ұстамайды. Ол тек ұстағысы келгенсиді) Сонан соң мысық өз орнына келіп, ұйқыға кіріседі, ойын жалғаса береді. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау.

Жіптің астынан өткенде оған тиіп кетпеу үшін төменірек еңкеюге тырысады.

Қояндар

Алаңның бір жағына бормен кішкене шеңбер сызылады (5-6) бұлар қояндардың үйшіктері. Олардың алдына орындықтар қойылады. Қарама-қарсы жағында күзетшінің үйі бар. (тәрбиеші отырған орындық) Үй мен қоян күркелерінің арасында қояндар серуендейтін кішкене шалғын бар. Тәрбиеші ойынға қатысушылардың бәрін 3-4 баладан шағын топтарға бөледі. Әрбір топ еденде сызылған шеңберлердің біріне барып отырады. Балалар тәрбиешінің нұсқауы бойынша жүрелерінен отырады. (қояндар күркелерінде отыр.) Тәрбиеші күркелеріне кезекпе-кезек барып, қояндарды шалғынға шақырады. Қояндар бірінен кейін бірі орындықтың астынан еңбектеп шыға бастайды. Шалғында жүгіріп, секіріп ойнау бастайды. Біраздан соң тәрбиеші «күркеге қарай жүгіріңдер» дейді. Қояндар үйге қарай асыға жүгіреді. Орындықтың астынан еңбектеп өз торларына кіреді. Күзетші оларды қайтадан серуенге шығарғанға дейін қояндар торда отыра береді. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Еңбек ету үшін орындықтың орнына планканың түреуіне қойылған доғаны немесе керулі жіпті пайдалануға болады.

Кішкене маймылдар

Тәрбиеші балаларға бір-бірден немесе екі-екіден гимнастикалық қабырғаға жақындауды, бетін қабырғаға қаратып тұрып 3-4 тақтайшаға өрмелеп шығуды ұсынады. Бұлар-кішкене маймылдар. Қалған балалар кішкене маймылдардың жемісті ағаштың басынан қалай теріп жүргендерін отырып немесе түрегеліп тұрып қарайды. Бұдан соң ағаштардың басынан басқа маймылдар өрмелейді.

Нұсқау

Балалардың кішкене сатымен өрмелеп шығуға және одан түсуге әбден жаттыққан соң, оларға қабырғаның бір ашық аралығынан келесі аралығына – ағаштан ағашқа тырымысып шығуды ұсына отырып, тапсырманы күрделене түсуі керек.

Ертегілер

Атасының ақылы

—Төкенмен келісе алмай қалушы едің, қазір араларыңнан қыл өтпейтін болыпты ғой, Еркінім?! - деді бірде атасы.

— «Қыл өтпейді» дегенді түсінбедім, ата? - деп таңырқады немересі.

— «Тату-тәтті дос болыпсың» дегенім ғой.

— Кездескен сайын кәмпит берсе, онымен кім дос болмайды!

—Мен ешкіммен тамақ үшін дос болып көргенім жоқ, балам. Достықтың тамыры тереңде. Адал, ақылды балалармен дос бол! Адамға жақсылық жасаудың өзің бақыт санайтын адамдармен ғана дос бол! - деді атасы сонда.

С. Сейтенов

Жаман жолдас

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екікісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

- Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті? Ауру айтты дейді:

- Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, — дейді.

Ы. Алтынсарин

Торғай мен көбелек

Балабақша ауласында қызыл, сары, ақ гүлдер өскен әп-әдемі гүлзар бар еді.

Сонда бір теңбіл қанат ақ көбелек гүлден-гүлге қонып, шырын сорып жүрген.

Оны бір қу торғай көре қалды да, ұстап жегісі келіп, қуа жөнелді.

Көбелек гүлзар үстінде жоғары-төмен, оңға-солға бұлтарып қаша берді, қаша берді.

Торғай да қыр соңынан қалмай, қанаты пыр-пырлап қуа берді, қуа берді.

Жанталасқан көбелек бір гүлге барып қорғалып еді, қу торғай оны қақшып кете жаздады. Одан тағы да қайта ұшып, әрлі-берлі бұлтақтай қашып жөнелді.

Біреуі аз болғандай, енді оған екінші торғай келіп шүйілді. Екеуі пыр-пыр етіп таласа кеп қуды. Бір торғайдың қанаты қағып, біреуінің тұмсығы да тиіп өтті.

Міне, осы қиын сәтте ақ көбелек сонда жүрген бір кішкентай қыздың көйлегіндегі гүлге барып қона қалды.

Содан мысы құрыған екі торғай енді оған жуый алмай, жай-жайынакетісті.

Ақ көбелек болса қайтадан гүлзарға барып, гүлден-гүлге қонып, тағы да шырын сора бастады.

Т. Жексенбай

Гүлдер таласы

(ертегі)

Бағзы ерте заманда өсімдіктер патшалығында Қызғалдақ, Раушан гүлі, Бақытгүлі өмір сүріп жатады. Күндердің бір күнінде үшеуінің арасында «Қайсымыз жаз мезгілінде гүлдеуге лайықпыз?» - деген талас туады. Сонда шыдамсыздау Қызғалдақ бәрінен бұрын:

- Мен гүлдеймін жазда, - дейді.

Осы кезде тікенектері тікірейіп, жан-жағына тәкәппарлана қараған Раушан гүлі:

- Жоқ, жазда мен гүлдеуім керек! Менің өте жақсы жұпар иісім бар, - дейді.

Сабыр сақтап тұрған, шыдамды Бақытгүлі ең соңында баяу үнмен:

- Менің де жаз мезгілінде гүлдегім келеді, - деп өтінеді.

Бәрін сырттай бақылып тұрған, көп жыл жасаған Шырша былай дейді:

- Табиғаттың әр мезгілі өзінше ерекше сондықтан сендер былай істендер! – деп ақылын айтады.

- Қызғалдақ, сен суыққа төзімдісің. Сол себепті көктем мезгілінде гүлдеуің керек.

- Ал сен Раушан гүлі, жаздың аптап ыстығына төзе білесің. Саған шыдамдылық танытып, қапырық күн астында жаздай гүлдеуіңе тура келеді.

- Бақытгүлі, саған сабырлы қалпыңнан айнымай, күз басталғаннан қар түскенге дейін гүлдеген жарасады. Өзге гүлдің бәрі қурап, жер бетінен жоғалғанда сен ғана өз сұлулығыңмен жұрттың көзін тамсандырып, мейірім нұрын шашып тұратын боласың! – дейді.

- Ал мен сендермен таласпай-ақ, жыл он екі ай жасыл қалпымда тұра берейін, - деп Шырша өзіне келгенде табиғат сыйын көбірек алады.

- Содан бері көктем шыға даланы Қызғалдпқ басып, бірақ сәл өкпесі бар болғандықтан аз уақыт гүлдеп жоғалып кететін көрінеді.

- Ал, Раушан гүлі күн нұрына малынып, ала жаздай ұзақ гүлдеп тұратын болыпты. Бақытгүлі болса гүлдеу мезгілін көп күтіп, күздің алғашқы күнінен қар жауғанға дейін гүлдеп, басқа гүлдерді жоқтатпай тұрады екен.

- Өзінің тапқырлығына риза болған Шырша, көктемде Қызғалдақтың әдемілігіне сүйсініп, жаз бойы Раушанның хош иісінен қуат алып, күздей әр түсті Бақытгүлінің көркіне қызығып, қысы-жазы жасыл түсті болып ғұмыр кешеді екен.

Г. Құлжабаева